

## Әбіраш Жәмішев-ақын, аудармашы, сыншы

Қазақ поэзиясы деп аталатын жыр-дарияны толтырған Әбіраш Жәмішев есімі елімізге баяғыдан белгілі. Өмір мен өлең жолдары қоса өрілген ақын әдеби өмірге салмақты сөзімен, сындарлы сынымен, көркем аудармасымен елеулі қызмет етті. Ол 1928 жылы 5 желтоқсанда Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы Бесөзек (қазіргі Шіркейлі) ауылында туған. Ақын өзінің «Көріп өстім қиындықтың бәрін де» деген өлеңінде өзі өмірге келген уақыттың қаншалықты қиын болғандығын былайша суреттейді:

Мен туған шақ қиын еді не деген!

Кеуіп жатты мүшкіл, сәби кенезем.

Қаптың түбі қағылғалы көп болған,

Қазан қаңсып, ошақ шыққан келеден. Бұл жолдарда сол кезеңдегі қазақ ауылының әлеуметтік тұрғыдағы ауыр халі суреттелсе, халықтың рухани жүдегенін ол былайша жырлайды:

Сонда тағы көрген сорлы халқымыз

Парасатты парықсыздық жеңгенін.

Атанушы ек «Тапал ахун әулеті»,

Тарттық біз де таксіретін өңгенің.

Ең үлкені «халық жауы» боп ұсталып,

Өзгелері өткен ГПУ тергеуін.

Бәрімізге қойылған ат «құйыршық»,

Күдікшілдік құрды айналып өрмегін.

Нұрмұхаммед Нұрымбетке айналған,

Дегеннен соң «Пайғамбарға сенбегін».

«Дин» дегенді дін деп ұққан дүлейлер

«Қырағы» ғып көрсетіпті өздерін.

Осылайша бала кезден бастап көп қиындық көрген ақын «Жүрегімде жатқан бір шоқ тыншытпай, оқу іздеп Алматыға келдім мен» деп, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түседі. 1956 жылы, яғни соңғы курста жүргенде республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакциясында қызметке орналасқан. Содан бастап, өмірінің ақырына дейін «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Егемен Қазақстан», «Заман — Қазақстан», «Түркістан» секілді республикалық газет-журналдарда әдеби-қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болған. Сөйтіп, жастайынан еңбекке етене араласқан Ә.Жәмішев өзінің еңбек жолының бастауын былайша жырлайды:

Ғұмыр бойы кетпен ұстап кетті әкем,

Асқанынша сексен деген сеңгірден.

Көзмайым ғой менің-дағы сенгенім,

Қалмаймын деп қатарымнан тең жүрген.

«Көтергіш бір кран» менде болған жоқ,

Ұстататын қолыма әкеп мөр бірден.

Соныма да мың шүкірлік, мың тәуба,

Тарылмаса болды тәңірім мейірімнен.

Шығармашылық жолы кеңес дәуірінде басталып, дамып, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кемелденген ақынның өлеңдері мен әдеби сын саласындағы еңбектері, аудармаларының тақырыбы алуан түрлі. Бұл еңбектерінде ақын өзі өмір сүрген кезеңдегі оқиғалар мен кейіпкерлері көркем суреттеліп, қазіргі заманда да мәнін жоғалтпаған, қайта рухани құндылығы артқан туындылар саналады.

Журналистика мен әдебиет саласына жиырма үшінші ғасырдың елуінші жылдарының бас кезінде келген Әбіраш Жәмішұлы жарты ғасырға жуық уақыт бойы қажымай-талмай осы салаға адал қызмет етті. Бұл туралы көрнекті қазақ жазушысы, аудармашы, Әбіраш Жәмішұлының досы Ә.Жұмабаев былай дейді: «Әбіраш Жәмішұлы қазақ қауымына әуелі майталман журналист-публицист ретінде танылды. Бірақ ол әдебиеттің бір ғана жанрының шеңберінде тұтқын болып қалмады. Құдай берген қабілет-дарынын еркін қолданып, төрт салада бірдей жемісті жұмыс жасады. Олар-поэзия мен әдебиет сыны, жоғарыда аталып өткен публицистика және аудармашылық өнері. Әбекеннің осы салалардағы еңбегі өнімді, көңіл-көкейге қонымды болды».

Әбіраш ақынның адамгершілік, азаматтық парыз төңірегіндегі толғаныстары, көңіл күйін шертер әсем өрілген ойлары мен сергек сезімталдығымен баурайтын өлеңдері мен поэмалары «Арай», «Төскей», «Дүрия дәурен», «Көңілімнің іңкәрі», «Күміс кірпіктер», «Сағым толқын», «Менің бұла дәуренім» деп аталған кітаптарында жырланды. Әдеби сын мақалалары, портреттер, қазақ лирикасы туралы ой-толғаулары мен очерктері «Дала шұғыласы», «Армысың, алтын күнім», «Кезең кестелері», «Жыр жанары», «Уақыт және қаламгер», «Биік мәртебе» атты еңбектерінде топталды. Ал аударма саласындағы еңбектері «Буырқанған бұла жыр» (Азия және Африка елдері ақындарының өлеңдері), «Он екі қақпалы Бұхара» (тәжік жазушысы Ж.Икрамидің романы), «Вахш толқындары» (тәжік ақыны М.Қаноатовтың өлеңдері), «Зулайды жылдар» (орыс ақыны В.Кузнецовтың өлеңдері) деген жинақтарда жарық көрді. «Ұлы ақындар кітапханасы» сериясы арқылы қазақ оқырманына Әбіраш ақынның шебер сөйлетуімен жеткен Фзули мен Хафиз ғазалдары оның шебер аудармашы екендігін ерекше танытты. Бұл туралы белгілі ғалым, академик Р.Бердібай Хафиз өлеңдерінің қазақша нұсқада ана тіліміздегі шығармадай жатық болып шыққанын ерекше атап өтті. Осы сияқты артында қалған жиырмадан астам еңбектердің барлығын ол қолы бос еркін суреткер есебінде емес, газет-журналдың ауыр жұмысына жегіліп жүріп жазды.

Өзінің өмірінің кредосы мен шығармашылығының басты идеясы ақынның мына өлең жолдарынан байқалады:

Кеудемде кернеп, толқып бұла жаным

Мәз болам, жақсылыққа қуанамын.

Ал кейде ақын жүрек алаңдаса,

«Неге олай етесің?»- деп сұрамағын.

Көрмесем,-деймін-біреу құлағанын,

Жұбатсам,-деймін жырман жылағанын. Бұл жыр жолдары ақынның көкейіндегі арманы, жүрек сыры болса керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, әдебиет әлеміне түскеніне ширек ғасырдан астам уақыт өткен ақынның өмірден, айнала адами, табиғи ортадан көргені де, көңілге түйгені де мол болуы заңды. Жақсыны да, жаманды да көп көрген. Бірақ сол тіршілікте Әбіраш ақынның ту етіп ұстағаны-адалдық. Ол оның өміріне өзек, шығармашылығына тұғыр, ұрпағына өнеге болды. Бұл туралы өзі былай дейді:

Құштарым-көркем сұлулық,  
Аңсарым-жанға жылулық.  
Жүрсе екен деймін адамдар-  
Адалдықты тұғыр ғып!

Ә.Жәмішев өлеңдерінің негізгі сарыны – жақсылыққа үндеп, жамандықтан жирендіретін үгіт-насихаттық, өсиет сарын – сипатында түзілген, поэзиялық жанрда жазылған шығармалар. Шын мәніндегі ғибратшыл, ойлы өлеңдер Әбіраш шығармашылығында үстем сарын екендігіне мысал көп. Ол өз замандастарын жалған, арам доссымақтан, күншіл, жәһил, надандардан сақтандырады.

...Өзіңе-өзің сарапшы бол, таразынды құрып қой,

Көңілге тұрған татты күнде аршып жуып қой.

Жүрегіңде адамдықтың, ардың соты тұрсын да,

Пәстік пенен пасықтықты маңайлатпай қуып қой, – деп үгіт-насихат айтса, адамзаттың биік өлшемі – ар екендігін былайша өрнектейді:

Биіктерде бас айналмас берік тұғыр – ар ғана

Ар көзімен қарар болсаң, жап-жарық бар айнала.

Ал жарықтан қараңғы да, қараулық та қаймыққан,

Қара орамал – күдікпенен көзіңді тас байлама.

Ә.Жәмішев өлеңдерінің басым бөлігі өзінің туған жері, ондағы еңбек адамдарына арналған.

Ауылым-алтын бесік, ұя маған,

Осында шыққан даусым інгәлаған.

Түндігін қараша үйдің түртті ме үнім:

Дегендей: «Тыңда, далам! Тыңда, ғалам!»,- деп өз ауылы Шіркейліні жырға қоса отырып, ондағы өз еңбегімен елге танымал болған тұлғаларды бүкіл жұртқа паш етеді. Осы арқылы келер ұрпаққа еңбектің қадір-қасиетін үлгі қылады. Дүниеде адамзат баласы айрықша қадір тұтатын нәрсе еңбек екендігін айта келе, еңбекпен тапқан мал-мүліктің ғана игілік әкелетініне назар аударады.

Солардың бірі болды Жаңабай да,

Біраздан мекендеген қала-жайда.

Оралды, өзі туып өскен жерге,

Әлдекім таңданар ма, табалар ма?- деп елге танымал тұлға Жаңабай Азаматов туралы айтса, кезінде Республиканың Жоғарғы Кеңесіне депутат болған Қызкенже Пірішова жайлы:

Қызкенже міндет жүгін атқарды да,

Көрсеткен ел сенімі ақталды да.

Дақ түспей абыройына ардагердің,

Еңбектен зейнет тауып, бақ жанды да-десе, оның еңбеккеш сіңлісі Бексұлу Синяева туралы:

Бекіген берік іспен іргелері,

Саңлақтар сапта тұтас бір келеді.

Суырылып солардан да озып шыққан-

Бексұлу болды абыройдың жүлдегері.

Ал, Социалистік Еңбек Ері Балдырған Мұстафаева жайында былайша тебіренеді:

Бұл ауыл кіл осындай ерлер еді,

Табыстың тай қазанын өңгереді.

Тағы бір таудай болған мерейі бар,

Балдырғаны атанған еңбек ері.

Ақын осылайша өз елінің еңбек ерлерін мадақтап жырға қосады. Әрине, әр ауылдың өзінің елге танымал болған тұлғалары бар. Оларды келер ұрпаққа насихаттап, үлгі ету баршамыздың парызымыз.

Белгілі қаламгер Көлбай Адырбекұлы «Алтын шал» еді» атты Әбіраш Жәмішевтың замандасы, досы елге танымал марғасқалардың бірі, әдебиеттің аударма саласына зор үлесін қосып қана қоймай, өзіндік мектеп қалыптастырған, жоғарыда аты аталған Әбілмәжін Жұмабаев туралы мақаласында ол туралы айта келіп, Ә.Жәмішев турасында былай дейді: «Жәмішевтей өз міндетіне мәтқақан кісіні бұрын-соңды кездестірген емеспін. Туа бітті жауапты хатшы ма дерсің. Қолына түскен мақалаларды мұқият оқиды. Сөйлемдердің стильдік байланыстарына, грамматикалық қателеріне қатаң қарайды әрі талабы да күшті. Мінезінде аздап күйгелектігі де барын кей-кейде тілшілер тапсырманы дер кезінде орындамаған жағдайда сездіріп қалушы еді». Бұл туралы ақынның өзі де былай дейді:

Япырай, маған не болды,

Күйгелек болып барамын.

Сәл нәрседен қамығып,

Жабығып жаным қаламын.

Бұдан біз Әбіраш ағаның әрбір іске жауапкершілікпен қарағанын, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білгендігін көреміз.

Ал, белгілі сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Кәрібаева өзінің бір сұхбатында «1991 жыл-Тәуелсіздіктің бірінші күні «Отан отбасынан басталады» ұлағатымен өзім қызмет жасайтын жоғары мектептегі қазақ тілі-әдебиеті пәнінің сапасы, ғылыми деңгейі, оқыту ісі қалай жолға қойылғаны төңірегінде деректі мақала әзірлеп, енді ғана «Егемен» аталған газетке алып келдім. Тіл қоғамы Тәуелсіздікпен қатар құрылып, науқандық іс-шаралар - арыстар той-думаны қыза түсіп, сын сұраныстан шығып қалған беймезгіл бір сәт еді. Бас редактор орынбасары өзім бұрын жүздеспеген, белгілі ақын Әбіраш Жәмішевтің кабинетіне кіріп: - Мен бір сын материал әкелдім, - дедім ширығыңқыра түйіліп, алдын ала сенімсіздік күдікпен. Сол-ақ екен, менімен ешбір сөзге де келген жоқ,

алдындағы телефонды қосты да, бөлім бастығы Қойшығара Салғаринді шақырып алды. - Қойшығара, сен мына Бақытты білесің бе? Білмесең - біл, бұл сенің ана академиктеріңнің аяғын әнтек-тәнтек бастырып жібереді. Сөзбе-сөз сын мақала әкеліпті. Нөмерге даярла! - деді. Қойшығара екеуіміз бір-бірімізге қарап, жымыып күлген болдық, әлгі құлаққа тосындау сөздің әзіл-шынын ажырата алыңқырамай. Алайда аға күлмеді. Төмен қарап тұқиған калпын да бұзбады. Сөйтіп, менің «Жан жарасы жалқы ма?» деген жоғары мектептегі білім сапасы мәселесін сөз еткен - кейін өзіме қырсық болып жабысқан мақалам жарық көрген еді», - дейді. Осылайша, сын мен сөз қадірін бағалай білген Ә.Жәмішев осындай өткір де келелі мәселелерді қозғайтын материалдарды қолдап, қоғамда белгілі бір ой туындауға да өзіндік үлесін қосты.

Біз жоғарыда Әбіраш Жәмішевтің ақындығы мен журналистігі турасында аз-кем сөз қозғадық. Ал, оның аудармашылығы өзінше бір әлем екендігі сөзсіз. Шығыстың атақты шайырларының әсем ғазалдарын төл өлеңіміздей етіп аударғаны туралы атақты ғалымдарымыздың пікірлерін де атап өттік. Солардың ішінде бүкіл халықты Ислам дінінің нұрлы жолымен тәрбиелеуде Әбіраш Жәмішев қазақшалаған «Мұхтасар» кітабының орны ерекше. Қасиетті Құранның баршамызға танымал сүрелерін қазақша өлең түрінде тәржімалап, тафсирлеп берген ақынның діни білімі мен терең танымына таң қаласың. Бірақ бұл таңқаларлық жайт емес. Өйткені ақынның бабасы тек Сыр еліне ғана емес, бүкіл қазақ қауымына танымал тұлға Тапал ахун (Нұрмұхаммед Қадырұлы) ғой. Мұндай қасиеттің оған атаның қанымен берілуі де заңды құбылыс.

Қазіргі жас ұрпаққа «Аю отыр партада...» деген өлеңдерді жаттатқаннан гөрі Әбіраш Жәмішев аударған «Фатиха», «Ықылас» сүрелерінің қазақша өлең нұсқасын санасына сіңірген әлдеқайда тиімді, пайдалы әрі сауапты іс.

Қайырымы зор, мейірімі мол бір Алланың атынан айтамын.

Әлемнің әміршісі, иесі Алла!

Қорғансың, мейрібансың күллі жанға,

Қиямет күнінің де иесісің!

Ықрармыз, ықыластымыз саған ғана!

Тайдырмай тура жолдан-баста алға,

Сақтай гөр, қаһарыңнан, адасудан,

Кем қылмай, ризығыңнан өзің қолда! («Фатиха» сүресі)

Қайырымы зор, мейірімі мол бір Алланың атынан айтамын.

Алла-біреу, Алла-әлемнің ұлысы.

Ішпес, жемес, сарқылмас мол ырысы.

Ешкімді де тумаған ол, туылмаған өзі де,

Бар ғаламды табындырған жалғыз ғана өзіне («Ықылас» сүресі).

Өзінің ақындық, аудармашылық әлемі ұшан-теңіз, әрі әр ақынды бір әлем санаған ғалым Ә.Жәмішев ұлт өлең сөзінің биікке көтерілуіне өзінің ақындық талантымен үлесін қосқан қаламгерлер қауымының сөз өнерінің суреткерлік қолтаңбасын белгілеуге, анықтауға күш салды. Қазақ өлеңінің

шынайы қамқоршыл сыншысы бола білген Ә.Жәмішевтің әдеби ғылыми мұралары поэзиялық туындыларды зерттеп-тексерудің жарқын бір үлгісі ретінде өзінің әдіснамалық көмегін тигізері сөзсіз.

*Камишева Гүлнұр Аббасқызы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ-ның аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты*